

білумен тікелей байланысты және моральдық бағалау мен іс-әрекеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бөрібаев Т. Қазақ менталитетінің әлеуметтік-философиялық табиғаты // Қазақстан жоғары мектебі. – 2003. – №4. – 196. -20 б.
2. Трофимова Н.Б. Духовный потенциал старшего школьника: структурно-содержательные компоненты и уровни реализации : монография / Н.Б. Трофимова; Федеральное агентство по образованию, ГОУВПО «Тамб. гос. ун-т им. Г.Р. Державина». - Тамбов : Издательский дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2009. - 216 с.
3. Бабанский, Ю. К. Избранные педагогические труды. - М. : Педагогика, 1989. – 558 с.
4. Сухомлинский В. А. Как воспитать настоящего человека (Советы воспитателям). – М.: Педагогика, 1979. – 552 с.

ӘОЖ 81'373.222(=161.1/=512.1)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ «БӨРІ» КОНЦЕПТІСІ

Жолдасова Әсел Темірбекқызы

zholdassova_at@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Филология:қазақ тілі» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Мамаева

Адам интелектісі, танымы, ақыл-ойы, есте сақтау қабілеті философия, психология, логика сияқты ғылымдар аясында ертеден бері ғалымдардың назарын аударып, зерттеліп келе жатқан мәселе. Алайда когнитология ғылымы аталған ұғымдарға жаңаша, тереңірек зерттеу жүргізді. Адам танымын зерттеуде тіл ғылымы да шетте қалған жоқ. Адам ойын, санасын тілмен байланыстыра отырып зерттеудің аса маңызды екенін, тіл мен танымның тығыз байланыста болатынын когнитивті лингвистика ғылымы жан-жақты дәлелдеп берді. Қазақ тіл білімінде де «тілтаным» деген атау алған жаңа сала қарқынды дамып келеді. Бұл жөнінде ғалым Э. Оразалиева «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» атты ғылыми монографиясында «Қазақ лингвистикасындағы когнитивтік парадигманың даму тарихы ХХ ғасырдың I жартысынан басталған, ғылыми негізі сұрыпталған, өзіндік ұстанымдары мен ұғымдық бірліктері бір жүйеге түскен ілімдер қатарына жататындықтан, «тілтаным» ұғымының қалыптасу негіздерін зерттеу, танымдық бағыттың өзектелуін объективті және субъективті алғышарттарға сүйене отырып талдау әрі маңызды да құнды тұжырымдамаларды лингвокогнитологиялық және лингвоконцептологиялық сараптамадан өткізу қажетті жаңа лингвистикалық ізденістерге жол ашуда», - деп жазады [3,18]. Орыс ғалымы В. Маслова «Когнитивная лингвистика» Когнитивтік тіл білімінің ортақ мәселесі «ақыл-ой – тіл – репрезентациялау – концептуализациялау – категоризациялау – қабылдау» екендігін көрсеткен.

Әр халық тілінде қоршаған әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік бірліктер арқылы таңбаланып, көп дүниенің бейнеленуі ұқсас болып келеді. Алайда әр ұлттың табиғатына, өмір салтына қарай кейбір ұғымдардың әртүрлі сипатта көрінуі де заңды. Белгілі бір ұлттың наным-сенім, дәстүрге байланысты ақпараттарын арқалайтын кең ұғымдарды концепт сөзімен атау бар. Бұл жөнінде ғалым А. Ислам былай дейді: «Лингвомәдени ізденістерде дүниетанымдық

концептілердің өзіндік орны бар. Орыс тіл білімінде «понятие» мен «концепт» терминдерінің ара жігін айқындаған ғылыми мақалалар аз емес. Ал қазақ тіл білімінде әзірге бұл термин төңірегінде пікір талас болғанымен, «ұғым» деп те, «концепт» термині түрінде де қалдыруға болады деген ойдамыз. Ал енді «концепт» дегеніміз, ол біздің пайымдауымызша, адам санасында тұрған орта, дін, мәдениет, жалпы айтқанда дүние таным негізінде белгілі бір ұрпақтан – ұрпаққа өзгеріссіз беріліп отыратын құндылық. Сөйтіп, олар «концептілер аймағын» құрайды» [1,2]. Түсінуімізше, «концепт» - әр халыққа, дінге тән құбылыс. Олай болса зерттеліп отырған «бөрі» концептісі арқылы осы анықтаманы дәлелдеп көреміз.

Қазақ халқының ұғымында бөрі сөзінің берер мағынасы өте терең. Қасқырды «бөрі» деп атап, оған мистикалық жүк артылған. Халық ауыз әдебиетінде «Ақ қасқыр», «Көк бөрі» сынды тотемдік образдардың болуы да халқымыздың танымындағы «бөрі» сөзінің ұғымы көп екендігін көрсетеді. «Көкбөрі» атауы түсіне байланысты емес, көктен келген, тәңір жіберген бөрі мағынасында айтылғанын ғалымдар дәлелдеп жүр.

Кез-келген халықта шығу тегіне қатысты аңыз, мифологиялық болжамдар, тарихи деректер бар. Түркі халқының ең басты тотемі Көк бөрі болғандығын «Ашина» туралы аңыздан білеміз. Көрші Моңғолия жерінен XX ғасырдың екінші жартысында аяқ-қолы жоқ баланың суретінің астыңғы жағында қасқырдың суреті салынған ескерткіш табылған. Бұл сол Ашина атты тоғыз жастағы бала мен қасқырдың қаншығынан тараған халық туралы, түркі халқы туралы аңыз жайлы ескерткіш. «Көк бөріден тараған түркі халқы» деген ұғым да осы аңызбен байланысты.

Қазақ поэзиясында да қасқыр образы көп кездеседі. Ақын Серік Ақсұңқарұлының мына өлеңіне назар салайық:

Дүние неге бөлек ойға қалды,
Ол онда көк ғасырын тойлаған-ды.
Ғаламзат – КөкТәңірі, Көк Түркі бар,
Көк Бөрі ғана бар деп ойлаған-ды...

Түркіге түбі тексіз жүйе қас-ты,
Бетіме қай сұм келіп күйе басты?!
Қалайша Көк Тәңірі Көк Түркіден
Көз жазып,
Көк Бөріден кие қашты?! [5]

Осы өлең жолдары да түркі халықтарының ұғымында қасқыр аңының киелі екенін көрсетеді. Сонымен қазақ халқының танымындағы қасқыр жайлы бірінші концепт: **қасқыр – баба**; екінші концепт: **қасқыр-кие**.

Әбубәкір Қайранның «Қасқыр» өлеңінде қасқыр бейнесі қаталдықты, қаскөйлікті бейнелейді.

Болсадағы қаталдықтың, қаскөйліктің бейнесі,
Қасқыр болып ойланамын кейде осы...

Қазақ ауыз әдебиетінде қасқырдың осы мінезін көрсететін мақал-мәтелдер де бар: «Қасқырдың өзі қатты, жолы жұмсақ, қоянның жолы қатты, өзі жұмсақ», «Қасқырдың ауызы жесе де қан, жемесе де қан», «Құтты қонақ келсе қой егіз табар, құтсыз қонақ келсе қойға қасқыр шабар», «Бөрі де жолдасына қас қылмайды», «Бөрі арығын білдірмес, итке арқасын үрпитер». Халық мақалдарынан бөрі бейнесі суық, үрей ұялататын, ашкөз, намысшыл, адал аң екенін байқаймыз. Бұл сипаттаулардың бәрі мықтылықты, қайраттылықты білдіретін қасиеттер. Осыдан үшінші **қасқыр – күштің символы** концептісі шығады.

Ал орыс ертегілеріне мән берсек, ондағы, жалпы славян халықтарының ұғымындағы қасқыр бейнесі біздікінен әлдеқайда өзгеше. Сөзімізді дәлелді ете түсу үшін ағайынды

Гриммдердің «Жеті лақ» ертегісін талдап көрейік. Ертегі ешкінің алты лағын қасқырдың қулықпен жеп кетуі туралы. Шығармадағы мына үзінділерге зер салайық. «Однажды волк подслушал, как поет коза. Вот раз коза ушла, волк побежал к избушке и закричал толстым голосом...». Осы жерден орыс халқының танымында қасқыр киелі, текті аң емес, шарасыз, күші лаққа ғана жететін қорқақ деген ұғымның қалыптасқанын аңғарамыз. «Волку делать нечего. Пошел он в кузницу и велел себе горло перековать, чтоб петь тоненьким голосом. Кузнец ему горло перековал. Волк опять побежал к избушке и спрятался за куст». Ал екінші мысалдағы қасқыр – қу, айлакер, шарасыз, парықсыз. «Козлята отворили дверь, волк кинулся в избу и всех козлят съел». Қасқыр жыртқыш аң болған соң жемтік іздейтіні – заңдылық, бірақ аталған ертегідегі тұз тағысы ұрланып кірген ұры қасқыр. Сонда славян халықтарының түсінігіндегі қасқыр 1. қу, 2. қорқақ, 3. ұры.

Шарль Перро, кейін Гриммдер қалам тартқан «Қызыл телпек» атты шетелдік ертегідегі қасқырдың бейнесі де «Жеті лақ» шығармасындағымен ұқсас. Қызыл телпектегі қасқыр қорқақ әрі қу. Адамдардан қорқып қызыл телпекке тиіспейді. Әжесінің мекен-жайын айлакерлікпен аңғал қызды алдарқатып біліп алады. Кейін қызыл телпек әжесінің үйіне келгенде өтірік әже болып, қызды да жемекші болған ашкөз, арамтамақ образ.

Енді осыны «Бабалар сөзнің» қиял-ғажайып ертегілер берілген томындағы «Алтын құс пен сұр қасқыр» ертегісімен салыстырып көрейік. Қазақ ертегісіндегі қасқыр қандай? Сол арада артынан сұр қасқыр шауып келіп һәм оны қуып жетіп осы сөзді айтты: «Мен патша ұлы жайлау баруыңды қызғаныш етіп һәм атыңды мен жедім» деп. Сұр қасқыр бұл баладан сұрай бастады: «Әй, патшаның ұлы, сен не жұмыспен жүрсің, жұмысыңды маған айт?»—дейді [4, 84]. Үзіндіден-ақ ертегідегі аң жыртқыш болса да адал, шыншыл екенін білуге болады. Бөрінің шапшандығынан хабар беретін үзіндіні де мысал етуді жөн көрдік: «Сұр қасқыр: «Менің үстіме мін»,—дейді. Бала мінді, қасқыр жүгіріп кетті. Сонда шапшаң жүруі соншалық шапшаң ат болса да қасқыр артынан жетерлік емес». Осы шығармада қасқыр жауыз, айлакер емес, керісінше адамды өзіне жалынышты ететіндей мықты, дос бола алатын асқақ образда көрініс береді. «Жігіт сұр қасқырға жалынады: «Сұр қасқырым, сен маған көп қызмет қылдың, рақмет, Алда разы болсын. Енді тағы бір қызмет қылсаң мұнан соң қызмет қоспас едім. Бұл алтын жалды атқа жүдә иелендім тіпті айрылғым келмейді»,—дейді. Сұр қасқыр «болады» деп, жерге аунап алтын жалды ат болады». Көріп отырғанымыздай, шығармалардағы кейіпкер бір болса да, ол туралы түсінік, таным әр халықтың әдебиетінде әртүрлі. Бұның бәрі тарихпен, мәдениетпен, дәстүр-салтпен және тілмен тікелей байланысты дүние. Қорытындылайтын болсақ, қазақ тілінде бөрі, қасқыр ұғымына қатысты «Бөрі – баба», «бөрі – кие», «бөрі – күш», «бөрі – адалдық», «бөрі – тектілік» сияқты бес концепт шығара аламыз. Ал орыс халықтарында «қасқыр-жауыз», «қасқыр-қу» деген түсінікпен тоқталамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ислам, А. «Өмір» концептісінің тілдегі көрінісіне лингвомәдени сараптама [Мәтін] // А. Ислам. – ҚР. ҰҒА-ның хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 2003. - №4. - 2-6 б.
2. Маслова В. «Когнитивная лингвистика» Москва: Наука, 2001.
3. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – «Ан Арыс» баспасы, Алматы, 2007. – 321 б.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, "Фолиант", 2011. Т. 74: Қиял-ғажайып ертегілер. - 432 б.
5. Ақсұңқарұлы С.Қараорман : өлеңдер.- Алматы : Ел-шежіре, 2012 . - 384 б.